

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ШЫҒЫС ЖӘНЕ БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫ



1. Батыс Еврападағы ортағасырлық философия

1.1. Ортағасырлық философияның даму ерекшеліктері.

1.2. Апологетика және патристика.

1.3. Номинализм және реализм. Схоластика.

2. Ортағасырлық араб-түркі тілді философия

2.1. Шығыс философиясының қалыптасуының бастаулары.


2.2. Араб тілді философияның негізгі проблемалары.

2.3. Түркі тілді философияның даму ерекшеліктері.



Ортағасыр философиясының сипаттамалық ерекшеліктері:

- теоцентризм — әлемнің тұтқасы құдай;
- аскетизм — тақуалықты, сопылықты уағыздау;
- креационизм — құдайдың әлемді жоқтан жасауы туралы діни ілім.



Ортағасырлық Батыс және Шығыс
мәдениетінің доминанттық идеясы:




теоцентризм














ТЕОЦЕНТРИЗМ – ҒАРЫШТЫҢ ТҰТҚАСЫ ҚҰДАЙ



Ортағасырлық Батыс философиясының негізгі даму кезеңдері:



.Аполлогетика (б.з. II ғ.) - (гр. *Apologetikos* – қорғаушы) – ақыл-парасатқа жүгінген дәлелдердің көмегімен дін ілімін қорғап, сақтау. Апологетиканың құрамына құдай болмысының дәлелдемелері, жанның мәңгілігі, құдайдың сыр беруінің белгілері туралы (оның ішінде ғажайыптар мен сәуегейліктер туралы) ілім. Аполлогеттер християн дінінің өнегелік қағидаларының артықшылығын ескере отырып, оны мемлекеттік дінге айналдыру қажет деген идеяны енгізген. Негізгі өкілдері: Юстиан Мученик (100-167 ж.ж.), Тациан (2ғ. екінші жартысы), (Тертуллиан Квинт Септимий Флоренс (160-222 ж.ж.) т.б.

2. Патристика (pater - әке) деп шіркеу әкейлерінің діни философиялық ілімдері - (III-VI ғ.ғ.).

Негізгі өкілдері: Клемент Александрийский, Амвросий Майландский (**340-397 ж.ж.**), Августин Блаженный (**354-430 ж.ж.**) т.б. III-IV ғасырларда жүйеленген бұл діни ілімде алғашқыда Христостың табиғаты туралы пікірлер (құдайлық, немесе адамдық табиғаты туралы) ал **323ж.** ұлы император Константин христиандықты мемлекеттік дін ретінде қабылдағаннан кейін, саяси-шіркеулік мәселелер алдыңғы шепке шығып, шіркеу әкейлерінің көзқарастарында өз көріністерін тапты



3.Схоластика- (гр. **Scholasticos-** мектептік) – орта ғасырлық "мектептік философия", оның өкілдері – схоластар христиандық дін ілімін рационалды (зерделі) түрде негіздеуге және жүйелеуге тырысты. Схоластика негізі **3** кезеңнен өтеді:

1.Балауса схоластика (IX-XII ғ.ғ.). Ғылым, философия, теология (дін ілімі) әлі бір-бірімен біте қайнасып, ажырамаған, бірақ ақыл-ой әрекетінің жемісі мен құндылығын түсінуді, универсалилерге (жалпылық) байланысты пікірталас негізінде үстемдіктің «заңдылығын» дәлелдеуді (Аристотельдің формальдік логикасы тұрғысынан) өзіне мақсат қойған схоластикалық тәсіл қалыптасты. Негізгі өкілдері: Ансельм Кентерберский, Иоанн Росцелин, Пьер Абеляр, Августин Аврелий т.б.

2. Кемеліне жеткен схоластика (XIII ғ.)

Аристотельдің еңбектері латын тілінде болса да, көпшілік арасына тарап, ғылым мен философияның теологиядан бөлініп (Аль-Фараби мен Ибн Руштын «екі ұдай ақиқат» теориясы негізінде), философиялық-теологиялық ілімнің қалыптасып, кең етек алған кезең болды. Негізгі өкілдері ұлы Альберт, Фома Аквинский, Дунс Скотт т.б.




Құлдырау кезеңі (XIV-XV ғ.ғ.)

Шынайы ғылыми және философиялық ойлардың тез қарқында дамуының арқасында философиялық теологияның тек бедел мен атаққа табынған, тәжірибеден, өмірден алшақ, керенаулық сарыны басым мистикалық ілімге айналуына байланысты схоластика мүлде нәтижесіз тіл безеген ғылымсымақ ретінде қалыптасты. Негізгі өкілдері: Уильям Оккам, Жан Буридан т.б.




Реализм- ортағасырлық схолистикада орын алған философиялық бағыт

Схоластика ұғымдар (универсалиялар) реалды түрде өмір сүреді және жалқы заттардан бұрын өмір сүреді деген көзқарасты қалыптастырды. Ортағасырлық реализм іс жүзінде ұғым мен объективтік дүниенің, жалпы мен жалқының арақатынасы туралы мәселенің шешіміне кедгенде Платонның бағытын жалғастырды. Көрнекті өкілдері – Ансельм Кентерберийский және Шамполық Гильом, Фома Аквинский болды. Ортағасырлық реализмге қарсы номинализм өкілдері күрес жүргізді.



Номинализм (лат. **nomen** – есім, атау) – ұғымды тек жекелеген заттардың атауы ғана деп есептейтін ортағасырлық философиялық бағыт.



Ортағасырлық реализмге қарсы номиналистер тек өздеріне тән қасиеттері бар заттар ғана өмірде бар деп тұжырымдады. Заттар туралы біздің жалпы түсінігіміз олардан тысқары бола алмайды, тіпті заттардың шынайы күйі мен қасиеттерін елестете алмайды. Номиналистер заттардың бастапқы, ал ұғымның соңғылығын мойындай отырып, материалистік тенденциялармен байланысты көзқараста болды. Көрнекті өкілдері: Росцелин, Дунс, Скотт, Оккам.

